

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 25 маусымдағы № 26 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 шілдеде № 36375 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыга қосымшага сәйкес бағалы қағаздар нарығы және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 25 маусымдағы
№ 26 Қаулыға қосымша

Бағалы қағаздар нарығы және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) иеленушілерге, әмитенттерге және номиналды ұстаушыларға жеке шоттар ашылады.

Жеке шотты ашу орталық депозитарий "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң) көзделген тиісті тексеру шараларын қабылдағаннан кейін жүргізеді.

Жеке тұлға болып табылатын клиентті биометриялық сәйкестендіру құралын пайдалана отырып сәйкестендіру кезінде сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының (бұдан әрі – СДАО) қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Жеке немесе занда тұлға болып табылатын клиентті сәйкестендіру кезінде мемлекет қатысатын кредиттік бюро қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Орталық депозитарийдің СДАО-мен немесе мемлекет қатысатын кредиттік бюромен өзара іс-қимыл ету Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында көзделген талаптармен жүзеге асырылады.";

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) есептен шығару (есепке алу) жөніндегі операцияларды эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу туралы қарсы бұйрықтарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) және Қағидалардың пунктами 47, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 73, 74 және 77-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қағидаларға және бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы операцияны жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттарды алған кезде жүргізеді.

Егер бағалы қағаздаррыңынан туралы заңның 72-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктар және банк қызметі туралы заң) 17-1-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 26-бабына сәйкес мәміле тараптарының біріне оны жасау үшін осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілетті мемлекеттік органның келісімі (рұқсаты) талап етілсе, орталық депозитарий осындай келісімнің (рұқсаттың) болуын растайтын құжатты сұратады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің талабы бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруға беру кезінде тізілімдер жүйесінде орталық депозитарий жүргізетін операцияларға да қолданылады.

46. Орталық депозитарий клиентке тізілімдер жүйесінде номиналды ұстаушының клиентіне жеке шот ашуға номиналды ұстаушының бұйрығын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандығы № 210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзіндікөшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қагидаларының (бұдан әрі – № 210 қагидалар) 36-тармағына сәйкес номиналды ұстаушыға оның клиенті номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашу үшін ұсынған құжаттарды және тізілімдер жүйесінде номиналды ұстаушының клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне жеке шот ашуға бұйрықты қарайды.

Орталық депозитарий орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, кейіннен оларды номиналды ұстаушының клиентіне тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шотқа есепке жазу мақсатында, номиналды ұстаушының шотынан бағалы қағаздарды (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығаруға номиналды ұстаушының бұйрығын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде номиналды ұстаушының клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне оған тиесілі бағалы қағаздарды (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шотқа есепке жазады және орталық

депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, онда есепте тұрган бағалы қағаздарды (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) жеке шоттан есептен шығарады.>";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан оларға тиесілі, Банктер және банк қызметі туралы заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға жататын екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) акцияларын есептен шығару және осы акцияларды уәкілетті органның шотына есепке жазу операциялары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18669 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 мамырдағы № 70 қаулысымен бекітілген Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен инвесторларға міндетті түрде сату қағидаларында айқындалған тәртіппен қабылданған уәкілетті органның шешімі негізінде тіркеледі.>";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) бұғаттау және бұғаттан босату операциясын орталық депозитарий тізілімдер жүйесінде мемлекеттік органдардың және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы зан) сәйкес осындай құқыққа ие тұлғалардың актілері негізінде жүргізеді.

Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңда көзделген жағдайларда орталық депозитарий тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) бұғаттау және бұғаттан босату операциясын терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесі негізінде жүргізеді.

Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңда көзделген негіздер бойынша бұғаттауды жүзеге асыру кезінде хабарлама қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алғынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шаралар қабылдайтын мемлекеттік органға жіберіледі .";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Банктер және банк қызметі туралы заңның 47-1-бабының 3-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-4-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-3-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалған кезде орталық депозитарий қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке шотына сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу операциясын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органының

қаржы үйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды тағайындау туралы шешімі және сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны осы тіркелген тұлғаның жеке шотына енгізу туралы бұйрығы негізінде жүргізеді.

Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы үйымының акциялары сатылған жағдайда, орталық депозитарий осы акцияларды олардың меншік иесі болған тіркелген тұлғаның жеке шотынан есептен шығару және осы акцияларды сатып алушының жеке шотына (жеке шоттарына) есепке жазу операциясын сенімгерлік басқарушының бұйрығы және Банктер және банк қызметі туралы заңының 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңының 26-бабында және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңының 72-1-бабында көзделген жағдайларда қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қаржы үйымының ірі қатысушысы (банктік не сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжат негізінде жүргізеді.

Орталық депозитарий сенімгерлік басқаруға берілген қаржы үйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке шотынан сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау операциясын сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны осы тұлғаның жеке шотынан алып тастау туралы бұйрығы негізінде жүргізеді".

2. "Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) 25-1-бабына сәйкес іске асырылған операцияның нәтижелері бойынша ақша төлеуді жүзеге асыру үшін акционерлердің тізімі орталық депозитарий қағидаларының жинағына сәйкес жасалады.

Орталық депозитарий осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді Акционерлік қоғамдар туралы заңының 1-тармағында көрсетілген тұлға (бұдан әрі – ірі акционер) өтініш берген акционерлік қоғамға (бұдан әрі – қоғам) акционерлердің өздеріне тиесілі қоғамның акцияларын ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлік қоғамдар туралы заңының 25-1-бабына сәйкес сату мәмілесін жүзеге асырғанға дейін ұсынады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Орталық депозитарий клиенттерінің (депоненттер клиенттерінің) жеке шоттарын (қосалқы шоттарын) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашу және жүргізу тәртібі Бағалы қағаздар рыногы туралы заңының 36, 57, 58, 59, 60, 61, 78, 80, 81

және 82-баптарында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 9876 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізлімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында (бұдан әрі – № 210 қағидалар), Қағидаларда және орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді".

3. "Зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсында жариялау қағидаларын және мерзімдерін, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашу қағидаларын және көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 26 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 32672 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашу қағидалары мен көлемінде:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 26 қаулысына 2-қосымша";

көрсетілген қаулымен бекітілген Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген құрылымдық элементтерінің тізбесінде:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы

4. "Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу қағидаларын және үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 27 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32661 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың үлгілік нысанында (қосылу шарты):

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 27 қаулысына
2-қосымша";

көрсетілген қаулымен бекітілген Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің тізбесінде:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 мамырдағы
№ 27 қаулысына 3-қосымша".

5. "Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың үлгілік нысанын, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 30 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32671 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысанында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кастодиан:

1) Қорға Шарттың 3-тарауында сипатталған шот режимінде теңгедегі инвестицияларға арналған банктік инвестициялық шот (бұдан әрі – теңгедегі банктік инвестициялық шот) ашуға және жүргізуге;

2) Қорға Шарттың 4-тарауында сипатталған шот режимінде шетел валютасындағы инвестицияларға арналған банктік инвестициялық шот (бұдан әрі – шетел валютасындағы банктік инвестиациялық шот) ашуға және жүргізуге;

3) Қорға Шарттың 5-тарауында сипатталған шот режимінде бағалы қағаздарды және зейнетақы активтерін инвестициялауға рұқсат етілген басқа да қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін баланстан тыс шоттарды (бұдан әрі – қаржы құралдарын есепке алуға арналған шоттар) ашуға және жүргізуге;

4) операциялық күн ішінде банктік инвестиациялық шотқа зейнетақы активтері бойынша түсімдерді және зейнетақы активтерінің аударымдарын теңгемен және (немесе) шетел валютасында есепке алуға;

5) Басқарушыға және Қорға келесі операциялық күннің сағат 09:00-ден кешіктірмей операция түрлері бойынша теңгедегі және шетел валютасындағы банктік инвестиациялық шоттардағы ақша қозғалысы туралы хабарламалар, сондай-ақ келіп түскен төлем тапсырмаларын беруге;

6) зейнетақы активтерін инвестиациялаған кезде Басқарушының теңгедегі банктік инвестиациялық шоттан және шетел валютасындағы банктік инвестиациялық шоттан контрагенттердің теңгедегі және шетел валютасындағы тиісті банктік шоттарына ақша аударымы жөніндегі төлем тапсырмаларын орындауға және қаржы құралдарын есепке алу шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығаруды (есепке жатқызуды), сондай-ақ ақшаны банк салымдарына (салымдарынан) орналастыруды (қайтаруды) жүргізуге;

7) теңгедегі банктік инвестиациялық шот пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған теңгемен зейнетақы жарналарының ағымдағы шоты арасында зейнетақы активтерін аудару бойынша Қордың төлем тапсырмаларын орындауға;

8) теңгемен банктік инвестиациялық шоттан басқа Басқарушылардың басқаруындағы теңгемен банктік инвестиациялық шоттарға зейнетақы активтерін аудару бойынша Қордың төлем тапсырмаларын орындауға;

9) теңгемен банктік инвестиациялық шоттан қателесіп түскен зейнетақы жарналарын қайтару бойынша Қордың төлем тапсырмаларын орындауға;

10) Басқарушы, Кастодиан және Қор арасындағы үш жақты салыстырып тексеру актісінің негізінде теңгедегі банктік инвестиациялық шоттан Қордың банктік шотына зейнетақы активтерінен және теңгедегі банктік инвестиациялық шоттан Басқарушының банктік шотына инвестиациялық кірістен ұсталған комиссиялық сыйакыны аудару бойынша төлем тапсырмаларын орындауға;

11) Басқарушыға және Қорға бағалы қағаздар есепке жазылған (есептен шығарылған) күннен кейінгі жұмыс күнінің сағат 10:00-ден кешіктірмей хабарлауға және қаржы құралдарымен мәмілелердің орындалғаны туралы есеп және қаржы құралдарын есепке алу бойынша жеке шоттан үзінді-көшірмелер беруге;

12) зейнетақы активтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

13) зейнетақы активтердің қозғалысымен байланысты операцияларды күн сайын есепке алуды қамтамасыз етуге;

14) зейнетақы активтері бойынша есептілікті, сондай-ақ зейнетақы активтерді есепке алу бойынша бастапқы құжаттарды Қор, Кастодиан мен Басқарушы арасында жасалған Шарт бұзылған күннен бастап бес жыл бойы сақтауға;

15) өткен операциялық күндегі есептелген инвестициялық кірісті және Басқарушиның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын күнделікті салыстырып тексеруді жүзеге асыру арқылы Кастодиан, Басқарушы мен Қор жүзеге асыратын ағымдағы операциялық күнгі сағат 15:00-ден кешіктірмей зейнетақы активтерін есепке алудың және бағалаудың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

16) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8692 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 184 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларында және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі әмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және әмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында (бұдан әрі – № 210 қағидалар) айқындалған көлемде нақтылы ұстаушының қызметтерін көрсетуге;

17) "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес Қордың банктік инвестициялық шоттары және қаржы құралдарын есепке алу шоттары туралы мәліметтердің конфиденциалдылығын сақтауға;

18) Шарттың 7-тарауында көзделген тәртіппен деректерді қарама-қарсы салыстырып тексеруді үнемі жүргізуға;

19) уәкілетті органнан Басқарушы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру туралы ресми хабарлама алған сәттен бастап және уәкілетті органнан Басқарушы лицензиясының қолданысын жаңарту туралы ресми хабарлама алған сәтке дейін Басқарушиның теңгедегі немесе шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттарынан ақша аудару және қаржы құралдарын есепке алу шоттарынан бағалы қағаздарды есептен шығару туралы бұйрықтарын орындауға;

20) Қордан Басқаруышыға Қор мен Басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың қолданысын тоқтата тұру немесе оны бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуі туралы хабарламаны алған сөттен бастап Қордың жазбаша тапсырмаларына сәйкес іс-қимыл жасауға;

21) Басқаруышыға және Қорға өзінің кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрғаны (тоқтатылғаны) немесе Кастодианның зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу құқықтарын өзгертуге экелетін басқа да жағдайлар туралы үәкілетті органның ресми шешімін алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабар беруге;

22) Қордың және Басқаруышының жазбаша сұратуларына 5 (бес) жұмыс күн ішінде жауап беруге;

23) қаржы құралдары бойынша сомалардың келіп тұсуін бақылауды жүзеге асыруға міндettі. Борыштық және үлестік бағалы қағаздар бойынша есептелген купондық сыйақы және (немесе) дивиденттер және (немесе) негізгі борыш сомасы уақтылы өтелмеген және (немесе) толық өтелмеген, салым немесе өзге де қаржы құралдары бойынша салым және (немесе) сыйақы сомасы уақтылы қайтарылмаған жағдайда міндettемелерді уақтылы өтемеу фактісі анықталған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, Қор мен Басқаруышы олар тиісті түзету шараларын қолдану үшін хабардар ете отырып, аталған фактілердің туындау себептерін анықтау бойынша тиісті жұмыс жүргізуғе;

24) қаржы құралдары бойынша алынған кірістерді Кастодианның корреспонденттік шотына кіріс түскен күні Қордың банктік инвестициялық шотына аударуға, сондай-ақ бастапқы құжаттарға сәйкес жасалған мәмілелер бойынша алынған сомаларды есепке жатқызуға, өзге сомаларды аудару Кастодианға сомалардың түскенін раставу фактісі бойынша жүзеге асыруға;

25) зейнетақы активтерімен мәмілелердің Әлеуметтік кодекстің талаптарына сәйкестігін, оның ішінде зейнетақы активтерін нысаналы орналастыруын (пайдалануын) бақылауды жүзеге асыруға;

26) егер мәміле оның сауда жүйесінде жасалса, үәкілетті органды, Қорды, Басқаруышыны, сондай-ақ қор биржасын жасалған мәміленің Әлеуметтік кодекске және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес келмейтіні жөнінде дереу хабардар етуге міндettі".

6. "Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32997 тіркелген) мына өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыда бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақ мына редакцияда жазылсын:

"3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) (бұдан әрі – Нұсқаулық) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 тіркелген) бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес зейнетақы активтерінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары қаржы активтерін мынадай санаттар бойынша жіктеуді жүзеге асырады:

- 1) амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар;
- 2) әділ құны бойынша бағаланатындар.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы активтерін жоғарыда көрсетілген екі санаттың біріне жатқызуды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарушы айқындайды.";

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мына редакцияда жазылсын:

"Зейнетақы активтерін
есепке алу мен бағалауды жүзеге
асыру қағидаларына
1-қосымша";

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мына редакцияда жазылсын:

"Зейнетақы активтерін есепке
алу мен бағалауды жүзеге асыру
қағидаларына 2-қосымша";

осы қаулыда бекітілген Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген құрылымдық элементтерінің тізбесінде:

жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мына редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 маусымдағы
№ 58 қаулысына
2-қосымша".

